

"Түлкібас ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Түлкібас ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 88 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 241 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түлкібас ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Түлкібас ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 88 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқытық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3042 нөмірімен тіркелген, 2015 жылы 27 ақпанда "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде ресми жарияланған).

2. Осы қаулының көшірмесі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментіне, Оңтүстік Қазақстан облыстық аймақтық құқықтық ақпарат орталығына және аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетіне жолдансын.

Аудан әкімі

Қ.Абдуалиев